

**"Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 27-492қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 105-8 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 1155 болып тіркелді. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 508-2075 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 06.10.2020 № 508-2075 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 18-бабының 18-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 27-492қ қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 633 болып тіркелген, 2010 жылғы 1 шілдедегі "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мыналардың:

1) "Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 27-492қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 105-1808 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 851 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 қарашадағы "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған);

2) "Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 27-492қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 105-1808 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 105-249 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 894 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 сәуірдегі "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Астана қаласының Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумықтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Астана қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) және 4)-тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә. Аманшаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласының әкімі*

*Ә. Исекешев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі

\_\_\_\_\_ А. Мұхамедиұлы

2017 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Астана қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы 8 қаңтардағы

## Астана қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

Р/ с №	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
1.	Көпес И.С. Силиннің үйі, XIX-XX ғ.басы	Қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, № 35
2.	Ерекше міндет бөлімі отрядтары құрылған үй, 1914 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров к-сі, № 57
3.	Теміржолшылар сарайы, 1954 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ақжайық к-сі, № 10
4.	1954 жылы алғашқы тың игерушілер келген вокзал ғимараты және вокзал алаңы, 1954 жыл	Қала құрылысы және сәулет	310-дивизия атындағы вокзал маңындағы алаң
5.	Сәкен Сейфуллин ескерткіші, 1972 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Жеңіс даңғылы, № 62
6.	Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге ескерткіш, 1995 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" мемлекеттік мекемесінің жанында, Жеңіс даңғылы
7.	Бозоқ қалашығы, X-XIV ғғ.	Археология	Есіл өзенінің сол жағалауындағы алқап, Ильинка тұрғын алабынан солтүстікке қарай 5 шақырым жерде, Бұзықты көлінің шығыс жағалауында
8.	Константин және Елена шіркеуі, 1854-1900 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Республика даңғылы, № 12
9.	Қалалық басқарма ғимараты, XIX ғ. соңы	Қала құрылысы және сәулет	Желтоқсан к-сі, № 17
10.	Гимназия, XIX ғ. соңы	Қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов к-сі, № 72

11	Көпес Д.В. Егоровтың үйі XIX-XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, № 5а
12	Көпес үйі, 1846 жыл	Қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, № 20
13	Дәрігер Ф.И. Благовещенскийдің үйі, XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, № 20а
14	Жасыл мешіттің дуалы, 1895 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, № 83
15	Көпес С.А. Кубриннің ауруханасы, 1880 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ә. Жангелдин к-сі, № 40
16	Көпес В.М. Кубриннің үйі және жапсаржайы, 1910-1912 жылдар, 1920-1921 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, № 41
17	Көпес М.К. Кубриннің сауда үйі, 1905-1907 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, № 37
18	П.Г. Моисеевтің үйі, 1914 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ә. Мәмбетов к-сі, № 40
19	"Октябрь" кинотеатрының ғимараты, XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, № 29
20	Пионерлер үйі, XX ғ. 1960 жылдары	Қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, № 6
21	"Есіл" қонақ үйінің ғимараты, 1958-1960 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, № 8
22	Астана қаласы әкімдігінің бұрынғы ғимараты, 1958 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров к-сі, № 60
23	Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің ғимараты, 1950 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов к-сі, № 74/1
24	Мұсылман жастарына арналған Б. Қосшығұловтың мектебі, XIX-XX ғ. басы	Қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, № 24
25	"Астана-Бәйтерек" монументалдық құрылысы, 2002 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Солжағалау, №1
26	Кенесары хан ескерткіші, 2001 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Есіл өзенінің жағалауы

27	А.С. Пушкин ескерткіші, 1999 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ауданында
28	С. Сейфуллин ескерткіші, 1994 жыл	Қала құрылысы және сәулет	С. Сейфуллин және М. Әуезов көшелерінің қиылысында
29	"Астана" мүсіні, 2002 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ж. Тәшенов көшесіндегі шағынғұлбақта
30	Метеостанция ғимараты, 1914-1916 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	Жамбыл к-сі, № 11
31	"Космос" және "Баспа" мозаикалық паннолар, 1972 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, № 25
32	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының "АЛЖИР" мемориалды-мұражай кешені, 2007 жыл	Қала құрылысы және сәулет	Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы
33	"Қараөткел" мұсылман зираты, 1609-1962 жылдар	Қала құрылысы және сәулет	"Жастар" шағын ауданы
34	Бозоқ II қыстауы, XVIII-XIX ғғ.	Археология	Бұзықты көлінің шығыс жағалауында
35	Қозыкөш I қыстауы, XVIII-XIX ғғ.	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
36	Қозыкөш II қыстауы, XVIII-XIX ғғ.	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
37	Қозыкөш III қыстауы, XVIII-XIX ғғ.	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
38	Қозыкөш IV қыстауы, XVIII-XIX ғғ.	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
39	Қозыкөш V қыстауы, XVIII-XIX ғғ.	Археология	Ильинка тұрғын алабынан батысқа қарай 4 шақырым жерде
40	Сығанақ көшесіндегі қорған, б.ғ.д. I мың жылдықтың соңы	Археология	Есіл өзенінің оң жақ жағалауындағы жаңа шағын ауданның аумағында
41	Күйгенжар зираты, б.ғ.д. I мың жылдықтың соңы	Археология	Күйгенжар ауылының шығысына қарай 4 шақырым жерде
42	Сарқырама зираты, ерте орта ғасыр	Археология	Қосшы ауылынан солтүстік-батысқа қарай 4 шақырым жерде
43	Шұбар зираты, ерте орта ғасыр	Археология	Шұбар тұрғын алабының солтүстік-шығысына қарай 1 шақырым жерде
44	Көктал жалғыз қорғаны, ерте темір ғасыр, б.ғ.д. VII-III ғғ.	Археология	қаланың солтүстік бөлігінде, Көктал тұрғын алабынан солтүстікке қарай 1,5 шақырым жерде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК